

Бекітемін

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік

университетінің Ректор өкілі м.а. профессор

Нажи Генч

« 30 » 10 2024 ж.

Бекітемін

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік

университетінің Ректоры

Ж.Темирбекова

« 30 » 10 2024 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-009-2024


ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУДІ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН, СОНДАЙ-АҚ КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІКТІ ТАНУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ КОМИССИЯСЫ ЖӘНЕ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық департаментпен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
 - Академиялық департамент директорының орынбасары Н.Гүмүш
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
 - Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Л.Ибрагимова
 - Тіркеуші офис басшысы Ғ.Қолдасбеков
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Гиритлиоглу
 - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырыкбаева
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2024
5. Тексеру мерзімі - 2026

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Түркістан, 2024



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	1-ші нұсқа
Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану Комиссиясы және Сараптама тобының ережесі		9 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

1.	Қолданылу саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4.	Процедураның сипаттамасы	4
4.1.	Жалпы ережелер	4
4.2.	Комиссия және Сараптама тобының құрамдарын бекіту және жұмыс тәртібі	5
4.3.	Комиссия және Сараптама тобы құқықтары	6
5.	Жауапкершілік және өкілеттілік	7
6.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
7.	Келісу, сақтау және тарату	7
	Қосымшалар	8
	Танысу парағы	8
	Өзгерістерді тіркеу парағы	9

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	1-ші нұсқа
Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану Комиссиясы және Сараптама тобының ережесі		9 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану үшін құрылған Комиссия және Сараптама тобының жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

1.3. Университеттің осы ережесі университеттің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4. УЕ-ХҚТУ-009-2024 Университет ережесі сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған (толықтырулар мен өзгертулерімен);
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
- Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы.
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген.
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ДСМ-63 бұйрығымен бекітілген;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы.
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарда басқару.
- Университеттің Академиялық Саясаты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	1-ші нұсқа
Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану Комиссиясы және Сараптама тобының ережесі		9 беттің 4-ші беті

3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Терминдер

1) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

2) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде – біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі;

3) кәсіптік біліктілікті тану орталығы (бұдан әрі – Тану орталығы) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген, кәсіптік біліктілікті тануды жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат – кандидаттың кәсіптік біліктілігінің белгілі бір кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қойылатын талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

5) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

6) формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып, жүргізілетін білім беру түрі.

Қысқартулар

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг, және сапа орталығы.

ЖЖОКБҰ - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдар;

ЖБП – Жалпы білім беретін пәндер циклі.

4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Университет келесі жағдайларда алдыңғы формальды оқыту нәтижелерін мойындайды:

- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, колледждердің, жоғары оқу орындарының түлектерін қысқартылған оқыту бағдарламаларына қабылдау кезінде;

- шетел азаматтарын оқуға қабылдауда – білім туралы құжат түрінде оқыту нәтижелерін тану (нострификациялау процесі);

- білім алушыларды қайта қабылдау және басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысу кезінде;

- кредиттік және академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру барысында;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау кезінде.

4.1.2 Университет техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын адамдарға ЖБП циклінің оқу пәндері бойынша бұрын игерілген оқыту нәтижелерін тануды жүзеге асырады. Бұл ретте, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру базасында

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	1-ші нұсқа
Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану Комиссиясы және Сараптама тобының ережесі		9 беттің 5-ші беті

қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын тұлғалар "Қазақстан тарихы" пәнін оқиды.

4.1.3 Меңгерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алынған білімді, білікті, дағдылар мен құзыреттерді, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүргізіледі.

4.1.4 Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында - "кіруде" екінші жоғары білімді алу барысында жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейінінің, жоғары, техникалық және кәсіптік білімнің, немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасының сәйкес және (немесе) мәндес келген жағдайда, формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады, меңгерілген академиялық кредиттер саны мен оқу мерзімі қысқартылады.

4.1.5 Университетте формальды емес оқыту нәтижелерін тану формалды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің білім беру бағдарламасының білім алушысы (тыңдаушысы) меңгеретін оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

4.1.6 Формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау оқытудың тұжырымдалған нәтижелерін және салыстырылатын бағдарламалардың құзыреттерін, олардың көлемін (академиялық сағаттарда және (немесе) академиялық кредиттерде), оқыту максаттарын, оқу жетістіктерін (білімдерін) бағалауды салыстыру жолымен жүргізіледі.

4.1.7 Бағдарламалардың көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында – 24 академиялық сағат және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында – 30 академиялық сағат қабылданады.

4.1.8 Формальды емес білім беру оқыту нәтижелерін тану кезінде салыстырымдылықты қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тыңдаушылардың) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген формальды емес (косымша) білім берудегі білімді, дағдылар мен құзыреттерді бағалау жүйесі қолданылады. Формальды емес білім берудің оқу жетістіктері мен білімдерін бағалаудың басқа жүйелерін қолдану кезінде білім беру ұйымы бағаларды балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласын әзірлейді.

4.1.9 Формальды емес білім берудің оқу нәтижелері мен құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың максаттары мен толықтығын зерделеу арқылы оқу пәнінің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін қамтуды жүзеге асырады.

4.1.10 Университет білім алушының кәсіптік біліктілік нәтижелерін тануды Тану орталығы берген кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат негізінде жүзеге асырады.

4.2 Комиссия және Сараптама тобының құрамдарын бекіту және жұмыс тәртібі

4.1.1 Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану үшін Университет Ректорының бұйрығымен білім алушылардың біліктілігін тану жөніндегі Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) және Сараптама тобының құрамы бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	1-ші нұсқа
Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану Комиссиясы және Сараптама тобының ережесі		9 беттің 6-ші беті

4.2.2 Комиссия құрамына білім беру ұйымының академиялық, басқару персоналының өкілдері, оқытушылары кіретін 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

4.2.3 Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия отырыстарын өткізеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды. Комиссия хатшысының функцияларын Комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды.

4.2.4 Сараптама тобының құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламаларының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылары мен практикалық қызметкерлері және Академиялық басқару персоналының өкілдері кіреді.

4.2.5 Білім алушы (тыңдаушы) игерген біліктілігін тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 10 (он) жұмыс күн ішінде Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Комиссия төрағасының атына еркін нысанда формальды немесе формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану туралы өтініш;

2) формальды немесе формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін растайтын құжат (куәлік).

4.2.6 Комиссия алынған өтініштердің және тіркелген құжаттардың ҚР ҒЖБМ және университеттің талаптарына сәйкестігін қарастырып, сараптама жүргізу үшін 3 (үш) жұмыс күн ішінде сараптама тобына жібереді. Сәйкессіздік анықталған жағдайда рәсімделген Комиссия қорытындысы (сараптама қорытындысы) өтініш иесіне жолданады.

4.2.7 Сараптама тобы құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде формальды немесе формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерінің білім беру ұйымының білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Қарау нәтижелері бойынша формальды немесе формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерінің білім алушы (тыңдаушы) меңгеретін білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады. Осы сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

4.2.8 Комиссияның шешімі отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен еркін нысанда ресімделеді.

4.2.9 Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Комиссия хатшысы меңгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы мәліметтерді олардың атауын, академиялық кредиттердегі көлемін және (немесе) сағатын, бағалауын және формальды немесе формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне қайта есептеу туралы көрсете отырып, енгізу үшін тану нәтижелерін Тіркеуші кеңсесіне береді.

4.2.10 Білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезендерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	1-ші нұсқа
Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану Комиссиясы және Сараптама тобының ережесі		9 беттің 7-ші беті

4.3 Комиссия және Сараптама тобы құқықтары

4.3.1 Комиссия және Сараптама тобы Университет факультеттерінен, кафедраларынан, басқа да құрылымдық бөлімдерінен білім беру сапасы бағытында және басқа да мәліметтер алуға құқылы.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

5.1. Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне жауапты Академиялық департамент директоры болып табылады.

5.2. Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын Академиялық мәселелер вице-ректоры қадағалайды.

6 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

6.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс.

7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Университет ережесінің талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

7.2 Университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департаментке жүктеледі.

7.3 Университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

7.4 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық департамент жауапты болып табылады.

7.5 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын салабайынша вице-ректорлар қадағалайды.


КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры




Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры



М.Гиритлиоглу

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



С.Кырыкбаева

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	1-ші нұсқа
Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану Комиссиясы және Сараптама тобының ережесі		9 беттің 8-ші беті

Қосымша 1

Φ-CMB-004

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

